ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР
КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
ДОХОДОВ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

08.11.2023 № 546-нқ

Астана қаласы город Астана

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы тағайындайтын аумақтық органдардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Заңының 17-бабы 4-тармағына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 5 сәуірдегі № 71 «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына Үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы тағайындайтын аумақтық органдардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.
2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Төраға** **Ж. Дүйсембиев**

Персоналмен жұмыс басқармасы

002104

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті
төрағасының 2023 жылғы
«08» 11 № 546-лс
бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы тағайындайтын аумақтық органдардың «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары**

**1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттері бойынша**

| **Басшының орынбасары, С-О-2 санаты, 59 бірлік** | |
|---|---|
| **Өлшемшарттар** | **Талаптар** |
| Білімі | 1. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: бизнес, басқару және құқық (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, маркетинг, кеден ісі, заңтану, халықаралық құқық).<br>2. Негізгі қызметінің бейіні бойынша курстарда мерзімді қайта даярлау туралы сертификаттарының болғаны жөн. |
| Құзыреттерінің болуы | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Жұмыс тәжірибесі | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Заңды білу талаптары | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеу бағдарламасында көзделген заңнаманы және осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімді білу. |
| Функционалдық міндеттері | Департаменттің жетекшілік ететін бөлімшелері бойынша жұмысты ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау; кеден және салық заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу бойынша жұмысты ұйымдастыру; Департаменттің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу. Салық және кеден заңнамасының және өзге де құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және салықтық емес төлемдердің бюджетке түсуін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есептелуін, ұсталуын, аударылуын, әлеуметтік аударулардың есептелуін және төленуін бақылауды жүзеге асыру, салық органында салықтық есепте тұрған салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауына салықтық бақылауды және белгіленген тәртіпте салық төлеушілердің мониторингін жүзеге асыру, конкурстық өндіріс, оңалту, сырттай байқау рәсімдерін жүргізу, жалған және алдын ала ойластырылған банкроттық белгілерін анықтау жөнінде жұмысты қамтамасыз ету, Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтердің уақытылы көрсетілуіне бақылауды жүзеге асыру.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету процесстерін |

| | |
|---|---|
| | автоматтандыруды және оңтайландыруды қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру; құрылып жатқан ақпараттық жүйелердің Департаменттің міндеттері мен мақсаттарына, сондай-ақ оларға бизнес-процестерді автоматтандыру жөнінде қойылатын техникалық талаптарға сәйкестілігін талдау.<br>Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте, салықтық және жоспардан тыс тексерулерді бақылау; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдердің және өзге де ақшаның артық (қате) төленген немесе артық өндіріліп алынған сомаларын қайтаруды (есепке жатқызуды) қамтамасыз ету; салық міндеттемелердің пайда болуына, орындалуы мен тоқтауына байланысты мәселелер жөнінде түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру; этил спирті мен алкоголь, темекі өнімінің өндірісі, айналымын, мұнай өнімдері мен биоотынның жеке түрлерінің айналымын мемлекеттік реттеу; оңалту мен бакроттық саласында мемлекеттік реттеу және бақылау (банкттер, сақтандыру ұймдары мен жинақтаушы зейнетақы қорларынан басқа) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функциялар.<br>Тауарлардың кедендік құнын және шығарылған елін айқындаудың дұрыстығына бақылау жүргізу; тауарлар мен көлік құралдарын кедендік әкімшілендіруді, кедендік бақылауды жүзеге асыру; лицензиялау және жеке кедендік режимдер мен тарифтік емес реттеу шаралары шеңберінде қызметтерді ұсыну саласындағы талаптарды сақтау; Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік режимдерді пайдалану, алдын ала операциялардың бақылау, радиациялық бақылау; құзыреті шегінде сот актілерін, прокурорлардың жазбаша тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жеке іс жүргізу әрекеттерін жүргізуде оларға көмек көрсету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларын орындау. |

**2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Оқу-әдістемелік орталығы бойынша**

| Басшы, С-О-1 санаты, 1 бірлік | |
|---|---|
| **Өлшемшарттар** | **Талаптар** |
| Білімі | 1. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: бизнес, басқару және құқық (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, маркетинг, кеден ісі, заңтану, халықаралық құқық);<br>2. Негізгі қызметінің бейіні бойынша курстарда мерзімді қайта даярлау туралы сертификаттарының болғаны жөн. |
| Құзыреттерінің болуы | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Жұмыс тәжірибесі | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Заңды білу талаптары | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеу бағдарламасында көзделген заңнаманы және осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімді білу. |
| Функционалдық | Оқу-әдістемелік орталығына жалпы басшылық ету: жұмыстарын ұйымдастыру, үйлестіруі және бақылау; қызметтерді ақпараттық- |

| | |
|---|---|
| міндеттері | талдау, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастыру; Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу бойынша жұмысты ұйымдастыру; өз орынбасарларының және құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтарын және міндеттерін белгілеу; белгіленген заңнамалық тәртіппен және номенклатураға сәйкес Оқу-әдістемелік орталығының қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату; қызметкерлерге қатысты көтермелеу шаралары, сондай-ақ тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану; Комитетке құрылымы және штат саны бойынша ұсыныстар енгізу; бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне бюджеттік өтінімнің дайындалуын және ұсынылуын, сондай-ақ бюджеттік процестің өзге рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз ету; құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру, азаматтардың жеке қабылдауын ұйымдастыру; құзыреті шегінде сот актілерін, прокурорлардың, құқық қорғау органдарының басқа адамдарының жазбаша тапсырмаларын орындау, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жеке іс жүргізу әрекеттері өндірісінде оларға көмек көрсету және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындау. |

**3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Орталық кеден зертханасы бойынша**

| **Басшы, С-О-1 санаты, 1 бірлік** | |
|---|---|
| **Өлшемшарттар** | **Талаптар** |
| Білімі | 1. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: бизнес, басқару және құқық саласында (бизнес және басқару: экономика немесе менеджмент, немесе есеп және аудит, немесе қаржы, немесе мемлекеттік және жергілікті басқару, немесе маркетинг, немесе кеден ісі, немесе құқық: құқықтану немесе халықаралық құқық) немесе физика, химия, биология саласындағы жаратылыстану ғылымдары; техникалық ғылымдар және технологиялар.<br>2. Негізгі қызметінің бейіні бойынша курстарда мерзімді қайта даярлау туралы сертификаттарының болғаны жөн. |
| Құзыреттерінің болуы | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Жұмыс тәжірибесі | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Заңды білу талаптары | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеу бағдарламасында көзделген заңнаманы және осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімді білу. |
| Функционалдық міндеттері | Орталық кеден зертханасы қызметінің жұмысына жалпы басшылық жасау және ұйымдастыру; басшы орынбасарларының арасындағы міндеттерд бөлу; лауазымды адамдардың өз функционалдық міндеттерін орындауын бақылау; мынадай: Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО СЭҚ ТН) Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына сәйкес заттар мен тауарлардың физика-химиялық қасиеттерін, құрылымдарын ескере отырып, бюджетке салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету үшін тауарларды жіктеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларға кедендік сараптама, зерттеулер және өзге де функцияларды жүргізу жөніндегі |

| | |
|---|---|
| | функцияларды орындау; Орталық кеден зертханаларын техникалық жарақтандыру; бюджеттік бағдарламалардың уақытылы орындалуын қамтамасыз ету; кеден заңнамасын жетілдіруге қатысу; тәуекел бейіндерін әзірлеуге, тәуекел бейіндерін әзірлеуге, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға өз құзыреті шегінде қатысу; құқықтық сүйемелдеу және талап қою жұмыстарын, кадр жұмысын қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде Орталық кеден зертханасын мемлекеттік билік органдарында және өзге ұйымдарда білдіру; өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретіне сәйкес экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтарды анықтауға көмек көрсету; құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі басқа да мемлекеттік және өзге де органдармен өзара іс-қимыл жасау; өз құзыреті шегінде басқа сараптамалық, ғылыми-зерттеу институттармен және мекемелермен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық бойынша қызметті жүзеге асыру; заңнамада белгіленген тәртіпте және лауазымдық номенклатураға сәйкес Орталық кеден зертханасы қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату; қызметкерлеріне қатысты көтермелеу шараларын, сондай-ақ тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану; құрылымдық бөлімше басшыларының өкілеттіктерін және міндеттерін айқындау; азаматтарды қабылдау мәселелерін реттеу; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру. |

## 4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Бас диспетчерлік басқармасы

| **Басшы, С-О-1 санаты. 1 бірлік** | |
|---|---|
| **Өлшемшарттар** | **Талаптар** |
| Білімі | 1. Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім: бизнес, басқару және құқық (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, маркетинг, кеден ісі, заңтану, халықаралық құқық).<br>2. Негізгі қызметінің бейіні бойынша курстарда мерзімді қайта даярлау туралы сертификаттарының болғаны жөн. |
| Құзыреттерінің болуы | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Жұмыс тәжірибесі | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес. |
| Заңды білу талаптары | «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеу бағдарламасында көзделген заңнаманы және осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімді білу. |
| Функционалдық міндеттері | Бас диспетчерлік басқарманың жұмысына жалпы басшылық жасау, үйлестіру, жоспарлау және ұйымдастыру; Бас диспетчерлік басқарманың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу саласын үйлестіру; өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді; Бас диспетчерлік басқарманың құзыреті бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және жетілдіру бойынша жұмыстарды үйлестіру; заңнамада белгіленген |

| | |
|---|---|
| | тәртіппен және лауазымдық номенклатураға сәйкес Бас диспетчерлік басқармасының қызметкерлерін лауазымға тағайындау және лауазымнан босату; қызметкерлерге қатысты көтермелеу шараларын, сондай-ақ тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану; құрылымдық бөлімше басшыларының өкілеттіктері мен міндеттерін айқындау; азаматтарды қабылдау мәселелерін реттеу; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру; мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындау. |